



KAZGUU
UNIVERSITY

СОТ РИТОРИКАСЫ

Астана, 2016 жыл

Риторика түсінігі

- **Риторика** (ежелгі -грек. ῥητορική — «шешендік өнер», ῥήτωρ — «шешен») — шешендік өнерді, сөзшендікті, көркем сөзді құрудың ережесін, сөйлеу өнерін зерделейтін филологиялық пән.
- **Риторика** (др.-греч. ῥητορική — «ораторское искусство» от ῥήτωρ — «оратор») — филологическая дисциплина, изучающая искусство речи, правила построения художественной речи, ораторское искусство, красноречие.

Шешендік сөз немесе шешендік өнер - ежелгі

Грекия мен Рим заманынан бермен қарай көптеген халықтардың мәдени, рухани, өмір тіршілігіндегі өнердің бір түрі. Грек шешендік өнерінің игі әсері арқасында көне Римде де бұл өнер дами бастады. Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасыр Рим мен Грек елдерінде эллиндік дәуір деп аталып, әдеби-мәдени құндылықтардың алмасуымен сипатталады. Бұл сипат шешендік өнерге де тікелей қатысты. Байырғы салалары: бейнелі сөз, шешендік сын, шешендік өсиет, шешендік нақыл, шешендік дау, шешендік толғау. Әр қайсының әсерлі өңі, сұлулығы, татымдығы, дуалылығы, зерделігі адам ой жүйесіне, жан-дүниесіне, сезіміне мықты қозғау салады, жүрек тебірентеді. Тындаушының еркі мен сезімін билейді, толғандырады.

Шешендік сөздер ағып тұрған поэзия, тұнып тұрған философия. Ақ өлеңмен өрілген сөз тұнығы: сырлы теңеу, астарлы сын, жинақы ой, жұмбақты меңзеу, қисынды толғам, тылсымды талай. Бәрі тіл құдіретінің, пікір түйінділігінің, таңғажайып ой толғағының әмбебап туындысы.

Өмір құбылыстарына байламды шешендік сөздер орны-орнына қойылса шебер шендестіріледі. Сырланып, әрленіп, татымы нәрленсе ойды шалқытып, сезімді тербеп адам көңілін ұйытады.

Сұлу, өрнекті әр шешендік сөздің өзіне тән терең мағыналы және астарлы жүктемесі бар. Жүйелі, байыпты айтылса досқа пір, дұшпанға зіл, шат көңілге шабыт, қам көңілге демеу, батырға айбынды ұран болар әрі тәтті, әрі қатты, әрі майда, әрі өткір алмас тіл.

Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры – шешендік өнер. Халқымыздың даналығының үлгісі шешендік сөздер – ғасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп өткен құнды мұра, асыл қазына. Шешендік өнеріне ерте замандардан-ақ, үлкен мән берілген. Ежелгі грек, рим елдерінде шешендік өнерді "риторика" деген атпен жеке пән ретінде оқыған. Дүние жүзіне әйгілі ерте заман шешендері Пратогор, Демоссофен, Цицерон, Квинтилиан сияқты өз заманының мемлекет қайраткерлері, ел аузына қараған ойшылдары болған. "Риторика" ғылымы өнердің падишасы ретінде ерекше бағаланған. М.В.Ломоносовтың 1748 жылы басылып шыққан "Шешендікке қысқаша басшылық" атты еңбегі бұл өнердің Ресейде дамып, қалыптасуына түрткі болды.

Қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз билерден басталып (XII-XIII ғғ.), Жиренше шешен, Асан қайғы (XIV-XV ғғ.) есімдерімен қатысты қалыптасып, өркендей түсті. Шалғез, Бұхар (XV-XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекелерге жалғасты. Шешендік өнерінің кеңінен дамып биіктеген кезеңі – XV-XVIII ғғ. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді.

Шешендік сөздердің алғашқы үлгілерін халық ауыз әдебиеті туындыларынан, ертегі, аңыз әңгімелерден, өлең-жыр, дастандардан ұшыратамыз. Осы сөз өнерінің кең қанат жайып, орнығып дамуында тапқырлық пен шешендіктің тамаша нұсқалары – жыраулар толғаулары, айтыстар мен мақал-мәтелдердің орны ерекше.

Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В.Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол: "Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын", – деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Сондай-ақ, қазақтың шешендік, тапқырлық, нақыл сөздерін жинап жариялағандардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол халық даналығының жас өспірімдерді тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбие құралы екенін жете танып, өз еңбектеріне орнымен енгізіп, пайдалана білді.

Шешендік сөздерді алғаш зерттеушілердің бірі – М.Әуезов. "Қазақ әдебиеті тарихы" (1927 ж.) еңбегінде "Билер айтысы" деген арнаулы тақырыппен шешендік сөздердің кейбір түрлеріне мысалдар келтіреді. Ауыз әдебиетінде алатын орны мен халықтық сипатына дәлелді ғылыми тұжырымдама береді. Ауыз әдебиеті мұраларын зерттеп, жинап, ерекше еңбек сіңірген ғалым-лингвист А.Байтұрсынов шешендік өнерді жеке алып қарастырып, құнды пікірлер білдірді (1926 ж.). Шешен сөз, көсемсөз, дарынды сөз деп үш топқа бөліп, әрқайсысын қолданыс орнына қарай (саясатқа қатысты, сотта сөйлеу, қошемет сөздер, ғалымдардың ғылыми тақырыптағы сөзі, діни уағыз сөздер) іштей тағы беске бөліп, әрқайсысына қысқаша түсініктер, тың анықтамалар берген.

Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Табаңда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет.

ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Сыртқы түр/внешний вид	Дикция
Келбет, жүріс/осанка, походка	Дауыс қаттылығы/громкость голоса
Аяқтың қалпы, тұрысы/положение ног	Сөйлеудің жылдамдығы, шапшаңдылығы/скорость речи
Дене қалпы, тұрысы/положение корпуса	Үзіліс техникасы/техника пауз
Қолдың қалпы/положение рук	Ырғақ, екпін/интонация
Көзбе-көз кездесу, контакт/визуальный контакт	Әзіл, мысқыл/юмор
Қол сермеу/жестикуляция	
Бет қимылы/мимика	

Ұлы көшбасшылар арасында бірде бір орта шешен болған емес. Ричард Бах

Киімге қарап қарсы алады

- **Сыртқы түр**
- **Жарасымды**
- **Бет әлпетке келісті**



Аудиторияға кіру мен одан шығу

- Түзу, байсалды, жайлы жүріс
- Сенімді көзқарас
- Сенімді қадам

**Сильвио Берлускони*



Бастапқы қалып

- Аяқтың қалпы
 - Дененің қалпы
 - Қолдың қалпы
 - Бастың қалпы
 - Көзбе-көз кездесу
- Көзқарасты белгілеу



Қолдың қалпы. Қол сермеу

Бір сөз, бір қимыл – осының бәрі қолбасшының шешендігі.

*Альфонс де Ламартин
фр. жазушысы*



**Шешен қанша сөз таңдаса, сөзінде, көзінде және бетінің
әлпетінде сонша сөзшешендік болу қажет.**

Ф.Ларошфуко фр.жазушысы

- Жаңылтпаш оқып, жаттау қажет.
- Дауыс іштің диафрагмасынан шығу қажет, тамақтан емес.
- Дикция – анық, түсінікті болу керек.
- Дауыс үндестілігі ауысып, өзгеріп тұру керек.

**Үн дыбысында сөзшешендік сөз таңдаудағыдан
аз емес.**

Франсуа VI

- Асығудың қажеті жоқ.
- Сөз қарқыны орташа
- Үзіліс техникасы

**Егер сен үзіліс алсаң, онла ұзақ ұста. Үзіліс
жаса, тыңдаушы онда ойға батады.**

Уильям Моэм

ЫРҒАҚ, ЕКПІН/ИНТОНАЦИЯ

Сөз сөйлеудің мәні ырғақта.

Дұрыс таңдалған ырғақ адамның басында ойды біржола қалдырады. Адамдарды көндіретін бұл - ырғақ.

Дельфина де Жирарден
фр. жазушысы

**Мәселе сөзде емес, мәселе, сол сөз қай екіпінде
айтылғанында**

В.Г. Белинский

• Әзіл


Адамдар, оларды оқытқаннан алдандырғанды ұнатады.

Аудитория мен сіздің араңызды жақындату жақсы әзілмен мүмкін.

Алайда өзіңіз жұрт мазағы болып жүрмеңіз.

**Аудиториямен дауласуға, ескерту жасауға
болмайды!**

ЖҮЙЕЛЕУ НӘТИЖЕСІНДЕ



ауызша байланыс
дауыс

ауызша

**Нені айтқаны әрдайым маңызды емес, бірақ
қалай айтқаны және қалай көрінгені әрдайым
маңызды**

М. Горький

- 7% Нені айтасыз!
- 34% Қалай айтасыз!
- 59% Қалай көрінеді!

- 93% - сезімдер мен эмоциялар

**Қысқа сөз сөйлеулер әрдайым
мазмұнды және үлкен әсер бере алады**

М. Горький

Таңдаулы тілден сақ бол. Тіл қарапайым және көрікті болуы қажет.

А.П. Чехов

Жүректен шыққан жақсы сөз, жүректе орын алады.

Г. Низами